

**«Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім
бөлімінің «Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы**

16. 10. 2024 ж
сағат 14.00

Қатысқандар: 25
Қатыспағандар: 5

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы мен хатшысын тандау;
2. Кеңес мүшелеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіру;
3. Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу;
4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ережесін бекіту;
жұмыс жоспарын бекіту

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысында Кеңестің төрайымы – мектепке дейінгі ұйымның кәсіподақ ұйымының төрайымы Кыдырбаева Улжалгас Бауыржановна сайланды.

Тыңдады: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Жакаева Жазира Сериковна Кеңес мүшелеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіріп беріп, Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі міндеттері туралы айтып берді. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің барлық мүшелері өз міндеттерімен танысты, Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысты.

Сөз сөйледі: «Ертөстік» бөбекжайының тәрбиешісі, педагог-модератор Аманжол Жаннур Ерболовна бөбекжай ұжымына сипаттама берді, бұзушылықтар болмауы үшін бөбекжай педагогтері арасында мониторинг жүргізу қажеттілігі туралы айтты. Педагогтер арасындағы қақтығыстардың алдын алу үшін, шиеленісті жеңілдеті үшін педагогтармен шеберлік сыныптары, тренингтер, семинарлар өткізіледі. Сондай-ақ


топтарда ата-аналармен жұмыс, жеке кеңестер, ата-аналармен педагогтардың сауалнамасы жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда еңбек тәртібіне көп көңіл бөлінеді.

«Ертөстік» бөбекжайы тәрбиешісі Баянбекова Акнур Канышевна барлық жанжалды мәселелер психологта немесе біздің бөбекжай директорында шешілетінін, балабақшадағы кез келген жағдайдың алдын алуға тырысатынын атап өтті. Жас педагогтармен жұмыс жасай отырып, оларға тәлімгерлік институты арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен және әріптестерімен қалай қарым-қатынас жасау керектігін үйретеді.

Қаулы етті:


1. Мектепке дейінгі ұйымның кәсіподақ ұйымының төрайымы Кыдырбаева Улжалгас Бауыржановна Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы, Джамбаева Куралай Ерболовна Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес хатшысы болып сайлансын.
2. Кеңес мүшелеріне Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндірілсін.
3. Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері бөлінсін.
4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ережесі мен жұмыс жоспары бекітілсін.

**Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес төрайымы**



У.Б.Кыдырбаева

**Педагогикалық әдеп жөніндегі
хатшысы**



К.Е. Джамбаева